

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау  
министрлігіҚазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
2025 жылғы 18 желтоқсандағы №  
169 бұйрығы. Қазақстан  
Республикасының Әділет  
министрлігінде 2025 жылғы 19  
желтоқсанда № 37625 болып  
тіркелдіМинистерство здравоохранения Республики  
Казахстан

**«Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі құралдарын,  
психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын медициналық мақсатта  
пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық  
сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 26 қаңтардағы № 32  
бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі құралдарын,  
психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын медициналық мақсатта  
пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық  
сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 26 қаңтардағы № 32  
бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №  
10404 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Есірткі, психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар және  
олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары  
туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 16-бабының 1-тармағына және  
«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-  
тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:»;**

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасында бақылауға  
жататын есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын  
медициналық мақсатта пайдалану қағидаларында:



5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Келесі жылға арналған есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын тұтыну нормативтерін бекіту үшін медициналық көмек көрсететін және (немесе) медициналық сараптаманы жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары жыл сайын ағымдағы жылғы 1 наурызға дейін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарына:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі заттарды тұтыну нормаларын бекіту үшін келесі жылға арналған өтінімдерді;

2) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасында бақылауға жататын психотроптық заттарды тұтыну нормаларын бекіту үшін келесі жылға арналған өтінімдерді;

3) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасында бақылауға жататын прекурсорларды тұтыну нормаларын бекіту үшін келесі жылға арналған өтінімдерді ұсынады.

Өтінімдерге жүргізілген есеп айырысу қоса беріледі.»;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары денсаулық сақтау ұйымдарынан келіп түскен өтінімдерді жинауды, сондай-ақ:

1) алдыңғы жылғы нақты тұтыну көлемдерімен;

2) құрамында есірткі заттары бар дәрілік заттарға қажеттілікті есеп айырысу нормативтерімен салыстыруды жүзеге асырады.

Медициналық көмек көрсететін және (немесе) медициналық сараптаманы жүзеге асыратын әрбір денсаулық сақтау ұйымы үшін дұрыс өтінім берілген кезде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының басшысы немесе оны алмастыратын тұлға осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құрамында есірткі, психотроптық заттар, сондай-ақ олардың прекурсорлары бар дәрілік заттардың тұтыну нормативін бекітеді.»;

Көрсетілген қағидаларға 1, 2, 3 және 15-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2, 3 және 4-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі** **А. Альназарова**

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы

Стратегиялық жоспарлау және

реформалар агенттігі

Ұлттық статистика бюросы

## Нысан

Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау министрі  
2025 жылғы 18 желтоқсандағы  
№ 169 Бұйрыққа  
1-қосымша

Қазақстан Республикасында  
бақылауға жататын есірткі  
құралдарын, психотроптық заттар  
мен олардың прекурсорларын  
медициналық мақсатта  
пайдалану қағидаларына  
1-қосымша

### **Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі заттарды тұтыну нормаларын бекіту үшін 20\_\_\_\_\_жылға арналған өтінім**

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарына ұсынылады.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинақтауға арналған нысан: [www.gov.kz](http://www.gov.kz) интернет-ресурсында орналастырылған.

Әкімшілік нысанның атауы: Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі заттарын тұтыну нормаларын бекіту үшін 20\_\_\_\_\_жылға арналған өтінім.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинақтауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық мәні): 1-Ф.

Кезеңділік: жылдық.

Есепті кезең: келесі күнтізбелік жылға.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинақтауға арналған нысанды ұсынатын ұйымдар тобы: медициналық көмек көрсететін және (немесе) медициналық сараптаманы жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинақтауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: медициналық көмек көрсететін және (немесе) медициналық сараптаманы

жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары келесі күнтізбелік жылға ағымдағы жылғы 1 наурызға дейін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарына өтінімді ұсынады.

БСН

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Ұсыну әдісі (қағаз жеткізгіште, электронды түрде, телефон арқылы сауал салудың компьютерлендірілген жүйесі, қағаз жеткізгішті пайдалана отырып интервьюердің жеке сауал салуы кезінде, дербес есептеу құрылғысын пайдалана отырып, интервьюердің жеке сауал салуы кезінде): электрондық пошта немесе электрондық құжат айналымының ақпараттық жүйесі арқылы электрондық түрде.

№ р /с	Есірткі заттың атауы	Дәрілік нысан	Дозасы	Өлшем бірлігі	Қажеттілік			Жиыны: (6 + 7 + 8 баған сома-сы)
					стационар-лық көмек үшін	амбулатория-лық көмек үшін	жедел жәрдем, санитария-лық авиацияның мобильді бригадалары үшін және төтенше жағдайларда	
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Атауы _____	Мекенжайы _____
-------------	-----------------

Телефоны \_\_\_\_\_

Электрондық пошта мекенжайы \_\_\_\_\_

Орындаушы \_\_\_\_\_

Тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы,

Басшы немесе оның міндетін атқаратын адам

Тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

Мөрдің орны (жеке кәсіпкерлік субъектілер болып табылатын тұлғаларды қоспағанда)

(Мөр)

## Жинақтауға арналған нысанға қосымша

«Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі заттарды тұтыну нормаларын бекіту үшін 20\_\_\_\_\_ жылға арналған өтінім» әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинақтауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме (Индексі: 1-Ф, жыл сайын)

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме «Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі заттарды тұтыну нормаларын бекіту үшін 20\_\_\_\_\_ жылға арналған өтінім» әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинақтауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанға орындаушы және басшы немесе оның міндетін атқаратын адам, оның тегі мен аты-жөні, сондай-ақ толтырылған күнін көрсетіп, қол қояды.

3. Нысан қазақ және орыс тілдерінде толтырылады.

4. Әкімшілік деректер нысанында пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар:

1) дәрілік нысан – дәрілік препараттың оны енгізу, қолдану тәсілдеріне сәйкес келетін және қажетті емдік әсерге қол жеткізуді қамтамасыз ететін жай-күйі;

2) есірткі заттар - Қазақстан Республикасының заңнамасына, 1961 жылғы Есірткі заттар туралы бірыңғай конвенцияға түзетулер жөніндегі 1972 жылғы Хаттамаға сәйкес енгізілген түзетулерімен қоса 1961 жылғы Есірткі заттар туралы бірыңғай конвенцияға сәйкес бақылау жасалуға жататын Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізіміне енгізілген шығу тегі синтетикалық немесе табиғи заттар.

### 2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі;

---

2-бағанда есірткі заттың атауы көрсетіледі;

3-бағанда дәрілік нысан (инъекция арналған ерітінді, таблеткалар, капсулалар, ішке қабылдауға ұнтақ және басқалар) көрсетіледі;

4-бағанда дозасы (10 мг, 1 мл, 5 % және басқалар) көрсетіледі;

5-бағанда өлшем бірлігі (мг, мл, % және басқалар) көрсетіледі;

6-бағанда стационарлық көмек үшін есірткі заттардың қажеттілігі көрсетіледі;

7-бағанда амбулаториялық көмек үшін есірткі заттардың қажеттілігі көрсетіледі;

8-бағанда жедел жәрдем, санитариялық авиацияның мобильді бригадалары үшін және төтенше жағдайлардағы есірткі заттардың қажеттілігі көрсетіледі;

9-бағанда есірткі заттардың қажеттілік саны: (6 + 7 + 8 бағандардың сомасы) көрсетіледі.

Нысан

Министр здравоохранения  
Республики Казахстан  
от 18 декабря 2025 года  
№ 169 Бұйрыққа  
2-қосымша

Қазақстан Республикасында  
бақылауға жататын есірткі  
құралдарын, психотроптық заттар  
мен олардың прекурсорларын  
медициналық мақсатта  
пайдалану қағидаларына  
2-қосымша

**Қазақстан Республикасында бақылауға жататын психотроптық  
заттарды тұтыну нормаларын бекіту үшін 20 \_\_\_\_ жылға арналған өтінім**

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарына ұсынылады.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинақтауға арналған нысан: [www.gov.kz](http://www.gov.kz) интернет-ресурсында орналастырылған.

Әкімшілік нысанның атауы: Қазақстан Республикасында бақылауға жататын психотроптық заттарды тұтыну нормаларын бекіту үшін 20 \_\_\_\_ жылға арналған өтінім.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинақтауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық мәні): 2-Ф.

Кезеңділік: жылдық.

Есепті кезең: келесі күнтізбелік жылға.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинақтауға арналған нысанды ұсынатын ұйымдар тобы: медициналық көмек көрсететін және (немесе) медициналық сараптаманы жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинақтауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: медициналық көмек көрсететін және (немесе) медициналық сараптаманы



## Жинақтауға арналған нысанға қосымша

«Қазақстан Республикасында бақылауға жататын психотроптық заттарды тұтыну нормативін бекіту үшін 20\_\_\_\_\_ жылға арналған өтінім» әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинақтауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме (Индексі: 2-Ф, жыл сайын)

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме «Қазақстан Республикасында бақылауға жататын психотроптық заттарды тұтыну нормативін бекіту үшін 20\_\_\_\_\_ жылға арналған өтінім» әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинақтауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру жөніндегі бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанға орындаушы және басшы немесе оның міндетін атқарушы адам оның тегі мен аты-жөні, сондай-ақ толтырылған күні көрсетіле отырып қол қояды.

3. Нысан қазақ және орыс тілдерінде толтырылады.

4. Әкімшілік деректер нысанында пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар:

1) дәрілік нысан – дәрілік препараттың оны енгізу, қолдану тәсілдеріне сәйкес келетін және қажетті емдік әсерге қол жеткізуді қамтамасыз ететін жай-күйі;

2) психотроптық заттар – Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына, соның ішінде 1971 жылғы Психотроптық заттар туралы конвенцияға сәйкес бақылау жасалуға жататын Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізіміне енгізілген, шығу тегі синтетикалық немесе табиғи заттар.

### 2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі;

2-бағанда психотроптық заттардың атауы көрсетіледі;

---

3-бағанда дәрілік нысан (инъекция арналған ерітінді, таблеткалар, капсулалар, ішке қабылдауға ұнтақ және басқалар) көрсетіледі;

4-бағанда дозасы (10 мг, 1 мл, 5 % және басқалар) көрсетіледі;

5-бағанда өлшем бірлігі (мг, мл, % және басқалар) көрсетіледі;

6-бағанда психотроптық заттың мәлімделген саны көрсетіледі.

## Нысан

Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау министрі  
2025 жылғы 18 желтоқсандағы  
№ 169 Бұйрыққа  
3-қосымша

Қазақстан Республикасында  
бақылау жасауға жататын  
есірткі құралдар, психотроптық  
заттар мен олардың  
прекурсорларының  
медициналық мақсатта  
пайдалану қағидаларына  
3-қосымша

### **Қазақстан Республикасында бақылауға жататын прекурсорларды тұтыну нормаларын бекіту үшін 20\_\_\_\_жылға арналған өтінім**

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарына ұсынылады.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинақтауға арналған нысан: [www.gov.kz](http://www.gov.kz) интернет-ресурсында орналастырылған.

Әкімшілік нысанның атауы: Қазақстан Республикасында бақылауға жататын прекурсорларды тұтыну нормаларын бекіту үшін 20\_\_\_\_жылға арналған өтінім.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинақтауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық мәні): 3-Ф.

Кезеңділік: жылдық.

Есепті кезең: келесі күнтізбелік жылға.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинақтауға арналған нысанды ұсынатын ұйымдар тобы: медициналық көмек көрсететін және (немесе) медициналық сараптаманы жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары.



## Жинақтауға арналған нысанға қосымша

«Қазақстан Республикасында бақылауға жататын прекурсорларды тұтыну нормативін бекіту үшін 20\_\_\_\_\_жылға арналған өтінім» әкімшілік деректерді өтеусіз негізінде жинақтауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме (Индексі: 3-Ф, жыл сайын)

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме «Қазақстан Республикасында бақылауға жататын прекурсорларды тұтыну нормативін бекіту үшін 20\_\_\_\_\_жылға арналған өтінім» әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинақтауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанға орындаушы және басшы немесе оның міндетін атқаратын адам оның тегі мен аты-жөні, сондай-ақ толтырылған күні көрсетіле отырып қол қояды.

3. Нысан қазақ және орыс тілдерінде толтырылады.

4. Әкімшілік деректер нысанында пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар:

1) прекурсорлар – есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өндіру, дайындау, қайта өңдеу кезінде пайдаланылатын, Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына, оның ішінде БҰҰ-ның 1988 жылғы Есірткі және психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес туралы конвенциясына сәйкес Қазақстан Республикасында бақылау жасалуға тиісті Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың тізіміне енгізілген заттар.

### 2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі;

2-бағанда прекурсорлардың атауы көрсетіледі;

3-бағанда өлшем бірлігі (ұнтақ, ерітінді және басқалар) көрсетіледі;

---

4-бағанда бір бірліктегі прекурсордың мөлшері, грамм көрсетіледі;

5-бағанда мәлімделген бірлік саны көрсетіледі;

6-бағанда мәлімделген грамм саны көрсетіледі.

## Нысан

Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау министрі  
2025 жылғы 18 желтоқсандағы  
№ 169 Бұйрыққа  
4-қосымша

Қазақстан Республикасында  
бақылауға жататын есірткі  
құралдарын, психотроптық заттар  
мен олардың прекурсорларын  
медициналық мақсатта  
пайдалану қағидаларына  
15-қосымша

**Құрамында есірткі, психотроптық заттар, сондай-ақ олардың прекурсорлары  
бар дәрілік заттардың 20\_\_ жылғы нақты шығысы туралы есеп**

Дәрілік заттардың және медициналық мақсаттағы бұйымдардың айналысы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелеріне, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне ұсынылады.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинақтауға арналған нысаны <https://www.gov.kz/memleket/entities/dsm> интернет-ресурсында орналастырылған.

Әкімшілік деректер нысанының атауы: Құрамында есірткі, психотроптық заттар, сондай-ақ олардың прекурсорлары бар дәрілік заттардың 20\_\_ жылғы нақты шығысы туралы есеп.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинақтауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық мәні): 4-Ф.

Кезеңділік: жылдық.

Есепті кезең: 20\_\_ жылғы.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинақтауға арналған нысанды ұсынатын ұйымдар тобы:

1) денсаулық сақтау ұйымдары;



---

Мөрдiң орны (жеке кәсiпкерлiк субъектiлер болып табылатын тұлғаларды  
қоспағанда)

---

(Мөр)

## Жинақтауға арналған нысанға қосымша

«Құрамында есірткі, психотроптық заттар, сондай-ақ олардың прекурсорлары бар дәрілік заттардың 20\_\_\_ жылғы нақты шығысы туралы есеп» әкімшілік деректерді өтеусіз негізінде жинақтауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме (Индексі: 4-Ф, жыл сайын)

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме «Құрамында есірткі, психотроптық заттар, сондай-ақ олардың прекурсорлары бар дәрілік заттардың 20\_\_\_ жылғы нақты шығысы туралы есеп» әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинақтауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан жылына бір рет, ағымдағы жылғы 15 наурызға дейінгі күнтізбелік жылға ұсынылады.

3. Нысанға орындаушы және басшы немесе оның міндетін атқарушы тұлға, оның тегі мен аты-жөні, сондай-ақ толтырылған күнін көрсетіліп, қол қояды.

4. Нысан қазақ және орыс тілдерінде толтырылады.

5. Әкімшілік деректер нысанында пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар:

1) дәрілік зат - затты не заттардың комбинациясын білдіретін немесе қамтитын, адам организмімен байланысқа түсетін, адамның ауруларын емдеуге, олардың профилактикасына немесе оның физиологиялық функцияларын фармакологиялық, иммунологиялық не метаболизмдік әсер ету арқылы қалпына келтіруге, түзетуге немесе өзгертуге немесе адамның аурулары мен жай-күйінің диагностикасына арналған зат;

2) дәрілік нысан - дәрілік препараттың оны енгізу, қолдану тәсілдеріне сәйкес келетін және қажетті емдік әсерге қол жеткізуді қамтамасыз ететін жай-күйі;

3) есірткі заттар - Қазақстан Республикасының заңнамасына, 1961 жылғы Есірткі заттар туралы бірыңғай конвенцияға түзетулер жөніндегі 1972 жылғы

Хаттамаға сәйкес енгізілген түзетулерімен қоса 1961 жылғы Есірткі заттар туралы бірыңғай конвенцияға сәйкес бақылау жасалуға жататын Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізіміне енгізілген шығу тегі синтетикалық немесе табиғи заттар;

4) прекурсорлар – есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өндіру, дайындау, қайта өңдеу кезінде пайдаланылатын, Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына, оның ішінде БҰҰ-ның 1988 жылғы Есірткі және психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес туралы конвенциясына сәйкес Қазақстан Республикасында бақылау жасалуға тиісті Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлардың тізіміне енгізілген заттар;

5) психотроптық заттар - Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына, соның ішінде 1971 жылғы Психотроптық заттар туралы конвенцияға сәйкес бақылау жасалуға жататын Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар тізіміне енгізілген, шығу тегі синтетикалық немесе табиғи заттар.

## **2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

1-бағанда реттік нөмірі көрсетіледі;

2-бағанда құрамында есірткі, психотроптық заттар, сондай-ақ олардың прекурсорлары бар дәрілік заттардың атауы көрсетіледі;

3-бағанда дәрілік нысан (инъекция арналған ерітінді, таблеткалар, капсулалар, ішке қабылдауға арналған ұнтақ және басқалар) көрсетіледі;

4-бағанда дозасы (10 мг, 1 мл, 5 % және басқалар) көрсетіледі;

5-бағанда өлшем бірлігі (мг, мл, % және басқалар) көрсетіледі;

6-бағанда есепті жылдың басындағы дәрілік заттардың қалдығы көрсетіледі;

7-бағанда есепті жылы келіп түскен дәрілік заттардың көлемі көрсетіледі;

8-бағанда есепті жылы жұмсалған дәрілік заттардың көлемі көрсетіледі;

9-бағанда есепті жылдың соңындағы дәрілік заттардың қалдығы көрсетіледі.